

## Күзет қызметі туралы

Қазақстан Республикасының 2000 жылғы 19 қазандағы N 85 Заңы.

### МАЗМҰНЫ

Ескерту. Бүкіл мәтіні бойынша "жеке кәсіпкерлер", "жеке кәсіпкерлік", "жеке кәсіпкер", "жеке кәсіпкерге", "жеке кәсіпкердің", "жеке кәсіпкерлердің" деген сөздер тиісінше "дара кәсіпкерлер", "дара кәсіпкерлік", "дара кәсіпкер", "дара кәсіпкерге", "дара кәсіпкердің", "дара кәсіпкерлердің" деген сөздермен ауыстырылды - ҚР 04.07.2008 № 53-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз) Заңымен.

Ескерту. Кіріспе алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## 1-тарау. Жалпы ережелер

### 1-бап. Күзет қызметі ұғымы

1. Заңды тұлғалардың жеке адамдардың өмірін, денсаулығы мен мүлкін, сондай-ақ заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қайшы қол сұғушылықтардан қорғау қызметін көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыруы (күзет қызметін көрсетулері) күзет қызметі деп ұғынылады.

2. Осы Заңның күші жеке күзет ұйымдарына, жеке күзетшілерге, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың күзет бөлімшелеріне, мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшелеріне қолданылады. Осы Заңның күші, егер ішкі істер органдары туралы Қазақстан Республикасының заңдарында, Президенті мен Үкіметінің актілерінде өзгеше көзделмесе, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелеріне қолданылады.

3. Осы Заңның күші, егер заңдардан өзгеше туындамаса, азаматтар мен заңды тұлғалардың денсаулық сақтау саласына, санаткерлік меншікке, мемлекеттік құпияларға, коммерциялық құпияларға байланысты өзге де игіліктері мен заңды мүдделерін қорғауға қолданылмайды.

Ескерту. 1-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

### 1-1-бап. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілер

1. Аса маңызды мемлекеттік және стратегиялық объектілер; стратегиялық маңызы бар және жарғылық капиталында акцияларының бақылау пакетін (қатысу үлестерін) мемлекет тікелей немесе жанама түрде иеленетін заңды тұлғаларға тиесілі экономика салаларының объектілері мемлекеттік күзетілуге жатады.

Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді күзетуді Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері, Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құралымдары, сондай-ақ арнаулы мемлекеттік органдары жүзеге асырады.

2. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілерді айқындау тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің тізбелерін Қазақстан Республикасының Президенті немесе Қазақстан Республикасының Үкіметі өздерінің өкілеттіктеріне сәйкес бекітеді.

3. Мемлекеттік күзетілуге жататын объектілердің бірінші басшылары Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын талаптарға сәйкес олардың инженерлік-техникалық нығайтылуын қамтамасыз етуге міндетті.

4. Күзет қызметін көрсету саласында бәсекелестік ортаны қалыптастыру мақсатында осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген тізбеге енгізілмеген объектілерді күзетуді жеке күзет ұйымдары Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалармен жасалған шарттардың негізінде жүзеге асыра алады.

**Ескерту. Заң 1-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі), өзгеріс енгізілді - ҚР 13.02.2012 № 553-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

## **2-бап. Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңдары**

Күзет қызметін жүзеге асырудың құқықтық негізін Қазақстан Республикасының Конституциясы, осы Заң, Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттар және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілері құрайды.

Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттар осы Заңнан басым болады. Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын халықаралық шарттардың Қазақстан Республикасының аумағында қолданылу тәртібі мен талаптары Қазақстан Республикасының заңнамасында айқындалады.

**Ескерту. 2-бапқа өзгеріс енгізілді – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

## **3-бап. Осы Заңның негізгі мақсаты, міндеттері мен қағидаттары**

1. Қазақстан Республикасының аумағындағы күзет қызметінің құқықтық негіздерін, күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілердің мәртебесі мен өкілеттіктерін айқындау осы Заңның негізгі мақсаты болып табылады.

2. Осы Заңның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау;

2) жеке және заңды тұлғалардың мүлкін құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау.

3. Осы Заңның негізгі қағидаттары мыналар болып табылады:

1) заңдылық;

2) адамның және азаматтың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін құрметтеу және сақтау;

3) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызы бар мүдделерін ескеру;

4) күзет қызметін жүзеге асыру кезінде үшінші тұлғалар құқықтарының, бостандықтары мен заңды мүдделерінің бұзылуына жол бермеу.

**Ескерту. 3-бап жаңа редакцияда – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **4-бап. Күзет қызметінің принциптері**

**Ескерту. 4-бап алып тасталды – ҚР 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **5-бап. Күзет қызметін лицензиялау және оны жүзеге асыруды шектеу**

1. Күзет қызметі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында айқындалатын тәртіппен, осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып лицензиялануға жатады. Күзет қызметін жүзеге асыруға лицензиясы жоқ заңды тұлғаларға күзет қызметтерін көрсетуге тыйым салынады.

Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері жүзеге асыратын күзет қызметі лицензиялауға жатпайды.

2. Күзет қызметінің субъектілері мемлекеттік құпияларды қорғау саласындағы заңнаманың талаптарын сақтай отырып, тәжірибе алмасу, өз мамандарының біліктілігін арттыру, қазіргі заманғы техникалық құралдар мен технологияларды енгізу және пайдалану мақсатында күзет қызметі саласындағы шетелдік компанияларды тартуға құқылы.

3. Қазақстан Республикасының аумағында шет мемлекеттердің күзет ұйымдары қызметіне тыйым салынады.

4. Шетелдік заңды тұлғалардың, шетел қатысатын заңды тұлғалардың, шетелдіктердің, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың:

1) күзет қызметінің барлық түрін жүзеге асыруға;

2) жеке күзет ұйымдарын құруға немесе олардың құрылтайшылары (қатысушылары) болуға;

3) сенімгерлік басқарудағы жеке күзет ұйымын ұстауға;

4) алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

Ескерту. 5-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.02.2002 № 297, 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**6-бап. Күзет қызметін жүзеге асыру кезінде теріс пиғылды іс-әрекеттерден мемлекеттік кепілдіктер және күзет ұйымдарының күзетші қызметін атқаратын қызметкерлерін сақтандыру**

1. Күзет қызметі субъектілерінің қызметті жүзеге асыруы кезінде мемлекет азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік береді және оны қамтамасыз етеді.

2. Күзет қызметін құқық тәртібі мен адамгершілік негіздеріне көрінеу қайшы келетін мақсаттарға жету үшін жүзеге асыруға жол берілмейді.

3. Күзет қызметін жүзеге асырушы адамның іс-әрекеттері арқылы құқықтары мен заңды мүдделері бұзылған адам ондай адамнан тиісті түсіндірмелер мен ақпарат талап етуге құқылы, сондай-ақ мұндай іс-әрекетке сотқа және заңдарда белгіленген тәртіппен басқа мемлекеттік органдарға шағым жасауға құқылы.

4. Күзет қызметін жүзеге асыратын және үшінші тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзған адам жәбірленушіге келтірілген материалдық және моральдық зиянды заңдарға сәйкес өтеуге міндетті.

5. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер қызметкерлерінің, оның ішінде олардың қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысуы кезінде өмірі мен денсаулығына зиян келтірумен байланысты тәуекелдерді сақтандыру Қазақстан Республикасының сақтандырудың міндетті түрлері туралы заңнамалық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 6-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 07.05.2007 № 244 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**2-тарау. Күзет қызметінің субъектілері және олардың сыныптамасы. Мамандандырылған оқу орталықтары**

Ескерту. 2-тараудың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**7-бап. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер**

Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілерге:

1) Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері;

2) жеке күзет ұйымдары;

3) - 5) алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**Ескерту. 7-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

**8-бап. Күзет қызметін, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілердің, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының мемлекеттік органдармен өзара іс-қимылы**

**Ескерту. 8-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 12.02.2026 № 263-VIII ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

1. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер мемлекеттік органдарға заңдармен жүктелген міндеттерді орындауда осы мемлекеттік органдарға жәрдемдесуге міндетті.

2. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер құқық қорғау, арнаулы мемлекеттік органдар және әскери құралымдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жедел-ізвестіру, қарсы барлау, тергеу немесе күзет іс-шараларын жүргізген кезде қаруды уақытша тапсыру туралы талапты қоса алғанда, мемлекеттік органдар қызметкерлерінің барлық заңды талаптарын орындауға міндетті.

3. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер терроризмге қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын мемлекеттік органдар қызметкерлерінің талап етуі бойынша терроризмге қарсы операцияның құқықтық режимі енгізілген аймақтағы күзет қызметін тоқтата тұруға міндетті.

4. Күзет қызметін жүзеге асыратын субъектілер ішкі істер органдарының сұрау салуы бойынша, жүзеге асырып отырған қызметінің Қазақстан Республикасының күзет қызметі саласындағы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі туралы ақпарат береді.

5. Күзет қызметін, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілер, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтары уәкілетті органның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне өздері жүзеге асыратын қызмет туралы есептілікті ұсынуға міндетті.

Күзет қызметімен, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілердің, сондай-ақ жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын

жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі мамандандырылған оқу орталықтарының есептілігі нысанын және оны ұсыну кезеңділігін уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 8-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 08.01.2013 № 63-V (алғашқы ресми жариялағанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.12.2016 № 36-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін екі ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **9-бап. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелерінің күзет қызметін жүзеге асыру ерекшеліктері**

1. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері мемлекеттік мекеме болып табылады және Заңның 1-1-бабының 1-тармағында көрсетілген объектілерді ғана күзетуді жүзеге асырады.

2. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын Тізбеге енгізілген жеке тұлғаларға шарттық негізде күзет қызметтерін көрсетеді.

3. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері көрсететін қызметтер үшін бағаларды уәкілетті орган бекітеді.

Ескерту. 9-бап жаңа редакцияда - ҚР 15.02.2012 № 556-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 28.11.2014 № 257-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

#### **10-бап. Жеке күзет ұйымының құқықтық мәртебесі және жеке күзет ұйымының күзетші лауазымын атқаратын жұмыскеріне қойылатын талаптар**

Ескерту. 10-баптың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Өзінің кәсіпкерлік қызметі ретінде күзет қызметтерін көрсететін коммерциялық ұйым жеке күзет ұйымы болып табылады. Жеке күзет ұйымының, хабарлама жасау тәртібінің шарттарын сақтаған жағдайда, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі жұмыстарды қоспағанда, өзге кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға құқығы жоқ.

2. Жеке күзет ұйымы күзет қызметін жарғының және заңды тұлғалардың күзет қызметін жүзеге асыруына арналған лицензияның негізінде жүзеге асырады.

3. Жеке күзет ұйымының күзетші қызметін атқаратын қызметкерінде күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның болуы талап етілмейді.



4. Жеке күзет ұйымының күзетшісі қызметіне Қазақстан Республикасының 19 жасқа толған және күзетшінің арнайы даярлығынан (күзетшіні оқытудың арнаулы курсынан) өткен азаматтары қабылдана алады.

5. Алып тасталды - ҚР 23.04.2014 N 200-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

6. Жеке күзет ұйымының күзетшісі лауазымын:

1) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылықтары (аурулары) бар, психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымдарда есепте тұрған;

2) қылмыс жасағаны үшін сотталғандығы бар;

3) Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлімі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

3-1) күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін соттың айыптау үкімі шығарылған, сондай-ақ күзетші лауазымына қабылданғанға дейін бір жылдың ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде қылмыстық теріс қылық жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған;

4) бұрын күзетші болып жұмысқа қабылданғанға дейін бір жыл ішінде немесе осы лауазымда болған кезеңде Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 149, 434, 436, 438, 439, 440, 443, 450, 453, 462, 463, 464, 469, 470, 476, 477, 478, 479, 481, 482, 483, 484, 485, 486, 487, 488, 489, 490, 494, 495, 496, 504, 506, 653, 654, 658, 659, 665, 667, 669, 670, 673, 675-баптарында көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар жасағаны үшін әкімшілік жауаптылыққа тартылған;

5) мемлекеттік, әскери қызметтен, құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан үш жылдан аз уақыт бұрын теріс себептермен босатылған;

6) бұрын осыған ұқсас лауазымды атқарып, үш жылдан аз уақыт бұрын Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің 52-бабы 1-тармағының 9), 10), 11), 12), 15), 16) және 17) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша еңбек шарты бұзылған адам атқара алмайды.

7. Жеке күзет ұйымының басшысы, жеке күзет ұйымының филиалы мен өкілдігінің басшысы, сондай-ақ күзет қызметін жүзеге асыруға тартылған күзет ұйымының өзге де басшы қызметкерлері үшін олардың жеке күзет ұйымының күзетші лауазымын атқаратын жұмыскерлеріне қойылатын талаптарға сәйкестігі міндетті талап болып табылады.

8. Жекеше күзет ұйымы күзетшіні ол қызметтік міндеттерін атқаруы кезінде оның жеке басын және жекеше күзет ұйымының күзетшісі екендігін куәландыратын белгіленген үлгідегі құжатпен қамтамасыз етуге міндетті. Жекеше күзет ұйымы күзетшісі құжатының нысаны мен үлгісін уәкілетті орган айқындайды.

Ескерту. 10-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.02.2002 № 297, 04.07.2008 № 53-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 29.12.2010 № 372-IV (Заң қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі), 10.07.2012 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі), 24.12.2012 № 60-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 22.12.2016 № 28-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.07.2018 № 180-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 07.07.2020 № 361-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) **Зандарымен.**

#### **10-1-бап. Мамандандырылған оқу орталықтары мен олардың филиалдарына қойылатын талаптар**

1. Жеке күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру уәкілетті орган айқындайтын, заңды тұлғалар болып табылатын мамандандырылған оқу орталықтарында жүргізіледі.

1-1. Мамандандырылған оқу орталықтары мен олардың филиалдарына қойылатын талаптар мыналардың:

- 1) сабақтар жүргізу үшін санитариялық нормаларға сәйкес келетін үй-жайлардың;
- 2) меншік құқығында не жалға алу шартымен атыс даярлығы бойынша сабақтар жүргізу үшін атыс тирінің;
- 3) оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларында көзделген арнаулы және техникалық құралдардың;
- 4) тиісті теориялық, практикалық білімдері және өзінің кәсіптік құзыреті саласында практикалық дағдылары бар және күзет қызметі саласында кәсіптік жұмыс тәжірибесін жинақтаған, мамандарды оқыту процесіне тартылып жүрген оқытушылардың болуын көздейді.



Жекеше күзет ұйымында басшы және күзетші лауазымдарын атқаратын жұмыскерлерді даярлау және олардың біліктілігін арттыру жөніндегі үлгілік оқу бағдарламалары мен үлгілік оқу жоспарларын уәкілетті орган бекітеді.

**2. Мыналар:**

1) осы Заңның 10-бабының 6-тармағында көрсетілген адамдар;

2) шетелдік заңды тұлғалар, шетел қатысатын заңды тұлғалар, шетелдіктер, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдар мамандандырылған оқу орталықтары мен олардың филиалдарының құрылтайшылары (қатысушылары), басшылары бола алмайды.

**3. Мамандандырылған оқу орталықтарының қызметі:**

1) таратылған, қайта ұйымдастырылған жағдайларда;

2) сот шешімі бойынша тоқтатылады.

Ескерту. 2-тарау 10-1-баппен толықтырылды - ҚР 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 06.04.2024 № 71-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**11-бап. Жеке күзетшінің құқықтық мәртебесі**

Ескерту. 11-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**12-бап. Күзет бөлімшесінің құқықтық мәртебесі**

Ескерту. 12-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**13-бап. Мемлекеттік органдардың ведомстволық күзет бөлімшелерінің құқықтық мәртебесі**

Ескерту. 13-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**13-1-бап. Жеке күзет ұйымында күзетші лауазымын атқаратын жұмыскердің құқықтары мен міндеттері**

1. Жеке күзет ұйымында күзетші лауазымын атқаратын жұмыскердің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне, еңбек шартына және осы Заңға сәйкес айқындалады.

**2. Жеке күзет ұйымында күзетші лауазымын атқаратын жұмыскер:**

1) қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыруда, оның ішінде ойын-сауық мәдени-бұқаралық және спорттық-бұқаралық іс-шараларды өткізу кезінде Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына жәрдем көрсетуге;

2) қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылықтардың алдын алуға және жолын кесуге;

3) құқық бұзушылықтардың жолын кесу және құқық бұзушыларды ұстау мақсатында, егер аталған мақсаттарға өзгеше тәсілдермен қол жеткізу мүмкін болмаса, дене күшін және басқа да құралдарды қолдануға құқылы. Бұл ретте осы үшін қажетті шараларды шектен асыруға жол берілмеуге тиіс;

4) заңдарда көзделген жағдайларда қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасаған адамдарды ұстап алуға және Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына жеткізуге құқылы. Қажет болған кезде, ұстап алынған адамда қару, сондай-ақ өзге де қауіпті және (немесе) айналымына тыйым салынған заттар бар деп ұйғаруға негіздер болса, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ұстап алынған адамның киімін қарап-тексеруге және аталған заттарды Қазақстан Республикасының құқық қорғау органдарына немесе өзге де мемлекеттік билік органына беру үшін алып қоюға;

5) құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан, жол-көлік оқиғаларынан, дүлей зілзаладан және өзге де төтенше жағдайлардан зардап шеккен жеке тұлғаларға медициналық және өзге де көмек көрсетуге жәрдемдесуге;

6) жеке тұлғалардан қоғамдық тәртіпті сақтауды талап етуге құқылы.

3. Жеке күзет ұйымында күзетші лауазымын атқаратын жұмыскер:

1) азаматтардың конституциялық құқықтары мен бостандықтарын сақтауға;

2) өзіне белгілі болған дайындалып жатқан не жасалған құқық бұзушылық фактілері туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына дереу хабарлауға;

3) аумағында қару, оқ-дәрілер және жарылғыш заттар бар күзетілетін объектілерден күзет дабылының қосылғаны туралы Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарына дереу хабарлауға;

4) заңнамада көрсетілген жағдайларда жеке тұлғалардың талап етуі бойынша өзінің күзет қызметі субъектісінің күзетшісі екенін растайтын куәлігін көрсетуге;

5) құқық бұзушылық профилактикасы субъектілеріне жәрдем көрсетуге;

6) қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ұстап алынған жеке тұлғаларға мәжбүрлеу шараларын қолданылу негіздерін түсіндіруге міндетті.

**Ескерту. Заң 13-1-баппен толықтырылды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); жаңа редакцияда – ҚР 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

### **3-тарау. Күзет қызметінің түрлері және күзет қызметін құқықтық ресімдеу**

#### **14-бап. Күзет қызметтерін көрсету түрлері**

Лицензиялануға тиісті күзет қызметін күзет қызметінің субъектілері мынадай қызметтер көрсету:

1) жеке адамдардың өмірі мен денсаулығын қорғау;

2) жеке және заңды тұлғалардың объектісін және (немесе) мүлкін, оның ішінде оны тасымалдау кезінде күзету;

3) күзету тәсілдері мен құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан заңды қорғану бойынша кеңестер беру және ұсынымдар дайындау нысанында жүзеге асырады.

Жеке күзет ұйымында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер ерікті түрде қоғамдық тәртіпті сақтауға тартылады.

Ескерту. 14-бап жаңа редакцияда - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен; өзгеріс енгізілді - ҚР 22.12.2016 № 28-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### **15-бап. Күзет қызметін жүзеге асыру тәртібі**

1. Күзет қызметтерін көрсету шарт (күзет қызметін көрсету жөніндегі шарт) негізінде жүзеге асырылады. Күзет қызметтерін көрсету шартын жасасу, орындау, тоқтату тәртібі, шарт бойынша тараптардың жауапкершілігі азаматтық заңдарға сәйкес, осы Заңда көзделген ерекшеліктер ескеріле отырып анықталады.

2. Алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет қызметі бөлімшелерінің күзет қызметін жүзеге асыру тәртібінің ерекшеліктері Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

4. Жеке күзет ұйымдарында күзетші қызметін атқаратын қызметкерлер күзет қызметін өздерінің күзет қызметі субъектісінің күзетшісі екенін білдіретін нысанды киім киіп жүзеге асырады.

Нысанды киім үлгілерін және оны киіп жүру тәртібін уәкілетті орган бекітеді.

Жеке тұлғалардың өмірі мен денсаулығын қылмыстық және өзге де құқыққа қарсы қол сұғушылықтардан қорғау жөніндегі қызметтер көрсету күзет қызметі субъектісіне тиесілілігін білдіретін нысанды киімсіз жүзеге асырылуы мүмкін.

5. Жеке күзет ұйымдары өз қызметін тоқтата тұрған немесе қайта бастаған, сондай-ақ күзет қызметтерін заңды тұлға тіркелген жерден тыс жерде көрсеткен жағдайларда күзет қызметтерін көрсеткен немесе тоқтатқан күннен бастап бес жұмыс күні ішінде уәкілетті органның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне қағаз немесе электрондық нысанда тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

Ескерту. 15-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 04.07.2008 № 53-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 05.07.2011 № 452-IV (2011.10.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2014 N 239-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 405-VI ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа

енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**15-1-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыру тәртібі**

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызмет хабарлама жасау тәртібін сақтаған жағдайда жүзеге асырылады.

2. Хабарлама жасау тәртібі "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жүзеге асырылады.

3. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету қызметін жүзеге асыратын субъектілер осы Заңның 15-2-бабында белгіленген талаптарға сай келуге тиіс.

4. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметке мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын уәкілетті орган осы қызмет түрімен айналысу үшін хабарлама берген субъектілердің тізілімін жүргізеді.

Ескерту. 3-тарау 15-1-баппен толықтырылды - ҚР 10.07.2012 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**15-2-бап. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын талаптар**

1. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға қойылатын талаптар:

1) заңды тұлға маманының жұмыс саласына сай келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің;

2) күзет дабылы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тексеруді жүзеге асыру үшін жабдығы бар үй-жайлардың (немесе оларды жалға алу шартының) болуын көздейді.

2. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларға қойылатын талаптар:

1) жұмыс саласына сай келетін жоғары немесе орта техникалық білімінің;

2) күзет дабылы құралдарын баптауды, оларға техникалық қызмет көрсетуді және монтаждалатын жабдықтың техникалық жай-күйін тескеруді жүзеге асыру үшін жабдығы бар үй-жайлардың (немесе оларды жалға алу шартының) болуын көздейді.

3. Күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың басшылары, жұмыскерлері, жеке тұлғалар психикалық ауруына байланысты денсаулық сақтау

ұйымдарында есепте тұрмайтын, заңда белгіленген тәртіппен жойылмаған немесе алынбаған сотталғандығы жоқ не қылмыс жасағаны үшін қылмыстық жауаптылықтан Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің Ерекше бөлігі бабының тиісті бөлігінде көзделген бас бостандығынан айыру түріндегі жазаның төменгі шегінің мерзімі өткенге дейін Қазақстан Республикасы Қылмыстық-процестік кодексінің 35-бабының бірінші бөлігі 3), 4), 9), 10) және 12) тармақтарының немесе 36-бабының негізінде босатылған Қазақстан Республикасының азаматтары болуға тиіс.

**Ескерту. 3-тарау 15-2-баппен толықтырылды - ҚР 10.07.2012 № 36-V (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 04.07.2014 № 233-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **16-бап. Күзет қызметін көрсету туралы шарт**

1. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарт бойынша орындаушы тапсырыс берушіге тараптардың келісімімен айқындалған күзет қызметтерін осы шартта белгіленген тәртіпте, көлемде және ақыға көрсетуге міндеттенеді.

2. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарт бойынша орындаушы ретінде мынадай күзет қызметі субъектілері (осы Заңда қойылатын талаптарды ескере отырып) әрекет етуге құқылы:

1) ішкі істер органдарының мамандандырылған күзет бөлімшелері;

2) жеке күзет ұйымдары;

3) алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

3. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарт бойынша тапсырыс беруші ретінде жеке және заңды тұлғалар әрекет етуге құқылы.

4. Күзет қызметтерін көрсету туралы шартта көрсетілетін күзет қызметтерінің түрлері, сондай-ақ орындаушының күзет қызметтерін көрсетуге арналған лицензиясының нөмірі мен берілген күні туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

5. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарт жазбаша нысанда жасалуға тиіс. Күзет қызметтерін көрсету туралы шарттың жазбаша нысанда жасалуын сақтамау оның жарамсыз болуына әкеп соғады.

**Ескерту. 16-бапқа өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.06.2025 № 203-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

#### **17-бап. Күзет бөлімшелері қызметінің негізі**

**Ескерту. 17-бап алып тасталды - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.**

#### **17-1-бап. Күзет қызметін жүзеге асырумен байланысты шектеулер**

1. Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары мен азаматтарының күзет қызметімен айналысатын бірнеше ұйымның бір мезгілде құрылтайшысы, қатысушысы және (немесе) меншік иесі болуға құқығы жоқ.

2. Жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің санын өз міндеттерін орындауға қажетті адам саны нормативінен асыруға болмайды. Адам саны нормативін уәкілетті орган белгілейді.

Адам санын нормативтен асыру лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға әкеп соғады. Уәкілетті орган (лицензиар) жеке күзет ұйымы қызметкерлерінің саны лицензияның қолданылуы тоқтатыла тұрған күннен бастап күнтізбелік қырық күн ішінде адам саны нормативінің талаптарына сәйкес келтірілмеген жағдайда лицензиатты лицензиясынан айыру туралы арызбен сотқа жүгінеді.

3. Жеке күзет ұйымы күзеттен басқа өзге де қызметті жүзеге асыратын ұйымның еншілес кәсіпорны бола алмайды. Жеке күзет ұйымының құрылтайшысы (қатысушысы) үшін қызметтің осы түрі негізгі болуға тиіс.

Мыналар:

1) құрылатын ұйым өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін ұйымдардың құрылтайшылары не лауазымды адамдары;

2) алып тасталды - ҚР 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен;

3) қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар азаматтар, сондай-ақ құрылтайшылардың (қатысушылардың) құрамында көрсетілген адамдар бар заңды тұлғалар;

4) құрылатын ұйым өздеріне қатысты күзет қызметтерін көрсететін заңды тұлғалар және солармен аффилиирленген заңды тұлғалар;

5) қоғамдық бірлестіктер жеке күзет ұйымының құрылтайшылары (қатысушылары) бола алмайды.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде және екінші бөлігінің 1) және 4) тармақшаларында белгіленген тыйым салулар күзет ұйымдарын құру құқығы уәкілетті орган айқындаған тәртіппен берілетін ұлттық компаниялардың жеке күзет ұйымдарын құру жағдайларына қолданылмайды.

Ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарының үшінші тұлғаларға күзет қызметін көрсетуге құқығы жоқ.

Осы тармақтың төртінші бөлігі "Теміржол көлігі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 1-1-тармағына сәйкес үшінші тұлғаларға көрсетілетін күзет қызметтеріне қолданылмайды.

4. Жеке күзет ұйымдарының басшыларына және олардың күзетші қызметін атқаратын қызметкерлеріне:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық қорғау органдары мен басқа да мемлекеттік органдардың айрықша құзыретіне жатқызылған процессуалдық және өзге қызметті жүзеге асыруға;



- 2) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің өкілеттіктерін иемденуге;
- 3) құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңды қызметіне кедергі келтіруге;
- 4) адам мен азаматтың ар-намысын және абыройын түсіретін не құқықтары мен бостандықтарын заңсыз шектейтін әрекеттер жасауға тыйым салынады.

5. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінде көзделген жалпы негіздерден басқа, күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысы мынадай:

- 1) жалғыз құрылтайшы осы Заңда белгіленген талаптарға сәйкес келмеген;
- 2) жалғыз құрылтайшының және (немесе) заңды тұлғаның орналасқан жерін анықтау мүмкін болмаған;
- 3) жалғыз құрылтайшыға іздеу жарияланған жағдайларда, тоқтатыла тұрады.

Лицензияны тоқтата тұруға негіз болған себептер жойылған кезде оның қолданысы "Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген мерзімдерде қайта басталады.

Күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензиядан айыру (қайтарып алу) сот тәртібімен жүзеге асырылады.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жалпы негіздерден басқа, күзет қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияның қолданысын тоқтату алдын ала тоқтатыла тұрмай мынадай:

- 1) жалғыз құрылтайшы соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болған не хабарсыз кеткен деп танылған;
- 2) жалғыз құрылтайшының Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;
- 3) жалғыз құрылтайшыға медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген;
- 4) жалғыз құрылтайшыға қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген жағдайларда, жүзеге асырылады.

Ескерту. 17-1-бап жаңа редакцияда көзделген - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді - ҚР 23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.12.2014 № 269-V (01.01.2015 бастап қолданысқа енгізіледі); 24.05.2018 № 156-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 05.07.2024 № 115-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

**4-тарау. Күзет қызметі субъектілерінің қару және арнаулы құралдар пайдалануы**

Ескерту. 4-тараудың тақырыбына өзгеріс енгізілді - ҚР 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

## **18-бап. Жекеше күзет ұйымдарын қарумен және арнаулы құралдармен жарақтандыру шарттары**

Ескерту. 18-баптың тақырыбына өзгеріс енгізілді – ҚР 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

1. Жекеше күзет ұйымдары өздерінің күзетші қызметін атқаратын жұмыскерлерін олар өздерінің қызметтік міндеттерін жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қаруландыруға құқылы.

2. Тиісті лицензия алғаннан кейін жекеше күзет ұйымдарының өнім беруші заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қызметтік тегіс ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қару, сондай-ақ жарақат салатын патрондармен ату мүмкіндігі бар ұңғысыз атыс қаруын, газды қару мен электрлі қару, арнаулы құралдар сатып алуға құқығы бар. Жекеше күзет ұйымдары жұмыскерлерінің пайдалануына арналған қарудың түрлерін, үлгілерін, модельдері мен санын, сондай-ақ арнаулы құралдар тізбесін уәкілетті орган бекітеді.

Өз қызметін магистральды теміржол желілері, магистральды құбыр тораптары мұнай өңдеу өндірісі және атом энергиясы саласында жүзеге асыратын ұлттық компаниялар құрған күзет ұйымдарын қоспағанда, жекеше күзет ұйымдарына қызметтік ойық ұзын ұңғылы және қысқа ұңғылы қаруды сатып алуға және пайдалануға тыйым салынады.

3. Сатып алынған қару тиісті ішкі істер органында оның сатып алынған күнінен бастап бір апта мерзімде тіркелуге жатады. Қаруды тіркеу кезінде қаруды сатып алудың заңдылығын растайтын құжаттар негізінде бұл қаруды сақтауға, сақтау мен алып жүруге бес жыл мерзімге рұқсат беріледі.

Рұқсаттың нысанын рұқсаттар және хабарламалар саласындағы уәкілетті органмен және цифрландыру саласындағы уәкілетті органмен келісу бойынша қару айналымын бақылау саласындағы уәкілетті орган бекітеді.

4. Жеке күзет ұйымының күзетшісі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаруды сақтау мен алып жүру құқығына рұқсат алуға тиіс.

5. Объектілерді күзету және патрульдеу үшін қызметтік иттер пайдаланылуы мүмкін.

6. Күзет ұйымдарының басшылары заңдарда белгіленген тәртіппен қаруды күзетші қызметін атқаратын штаттағы қызметкерлерге олардың қызметтік міндеттерін атқаруы кезеңіне береді. Қару қызметкерлер тиісті даярлықтан өткен соң беріледі.

Ескерту. 18-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 22.02.2002 № 297, 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі);

23.04.2014 N 200-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 25.11.2019 № 272-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 24.11.2021 № 75-VII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 09.01.2026 № 256-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі); 12.02.2026 № 263-VIII (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **19-бап. Күзет қызметі субъектілерінің қаруды және арнаулы құралдарды қолдануының шарттары, негіздері мен тәртібі**

1. Күзет қызметін жүзеге асыру барысында арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заң актілерінде көзделген жағдайлар мен тәртіп бойынша ғана қолдануға рұқсат етіледі.

2. Жеке күзет ұйымдары күзетшілерінің қару мен арнаулы құралдарды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген шекте:

- 1) күзетілетін объектіге немесе оның қызметкерлеріне шабуылдарды тойтару үшін;
- 2) күзетілетін адамға шабуылды тойтару үшін;
- 3) құқық бұзушыларды ұстап алу үшін, оның ішінде егер олар қарсылық көрсетсе, оларды ішкі істер органдарына апару үшін, егер олар қашып кетуі немесе айналасындағыларға немесе өзіне зиян келтіруі мүмкін деп пайымдауға жеткілікті негіздер болса;
- 4) жануарлардың шабуылынан қорғану үшін;
- 5) дабыл сигналдарын беру немесе көмекке шақыру үшін;
- 6) қажетті қорғаныс және аса қажеттілік жағдайларында қолдануға құқығы бар.

Арнаулы құралдар мен қаруды осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңнамалық актілерінде көзделмеген мақсаттарда қолдануға тыйым салынады.

Арнаулы құралдарды немесе қаруды өзге мақсаттарда, сондай-ақ өз өкілеттіктерінен, қажетті қорғаныс шегінен асыра пайдалануға жол берген адам Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жауаптылықта болады.

Арнаулы құралдарды немесе қаруды өз өкілеттігінен, қажетті қорғаныс шегінен асыра қолдану жеке күзет ұйымы күзетшісі құжаттарының күшін жоюға әкеп соғады.

3. Арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды қолдану алдында олар қарсы қолданылуы мүмкін адамдарға бұл туралы анық ескертілуге тиіс.

4. Қарулы не топтасып шабуыл (зорлық-зомбылық) жасаған жағдайларды қоспағанда, әйелдерге, мүгедектік белгілері анық адамдарға, жасы белгілі немесе айқын болған жағдайда кәмелетке толмағандарға қатысты қызметтік қару мен арнаулы құралдарды қолдануға тыйым салынады.

5. Қызметтік қару қолданылатын барлық жағдайларда айналадағы азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, зардап шеккендерге шұғыл медициналық көмек көрсету үшін шаралар қолданылуы, ішкі істер органдары мен прокуратураға жиырма төрт сағат ішінде хабарлануы қажет.

6. Жеке күзет ұйымдарының күзетшілері арнаулы құралдар мен қызметтік қаруды қолдануға байланысты жағдайлардағы өз міндеттерін орындауға жарамдылығы жөнінде мерзімді тексеруден өтіп тұруға міндетті.

7. Күзет қызметінің субъектілері өздерінің қызметтік міндеттерін орындауы кезінде келтірген зияны үшін Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес толық жауапты болады.

Ескерту. 19-бапқа өзгерістер енгізілді - ҚР 09.08.2002 № 346, 17.07.2009 № 188-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-баптан қараңыз), 29.12.2010 № 372-IV (қолданысқа енгізілген күннен бастап бір жыл өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.05.2014 № 203-V (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.

## **5-тарау. Қорытынды ережелер**

### **20-бап. Мемлекеттік бақылау**

1. Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметін, мамандандырылған оқу орталықтарының қызметін, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметті мемлекеттік бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне сәйкес тексеру және бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау нысанында жүзеге асырады.

2. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және осы Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылауды уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері күзет қызметінің субъектілеріне (объектілеріне), мамандандырылған оқу орталықтарына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бармай, олардың қызметі туралы әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді салыстыру арқылы жүргізеді.

4. Бұзушылықтардың уақтылы жолын кесу және оларға жол бермеу, күзет қызметінің субъектілеріне, мамандандырылған оқу орталықтарына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша уәкілетті орган немесе оның

аумақтық құрылымдық бөлімшелері анықтаған бұзушылықтарды өз бетінше жою құқығын беру және оларға әкімшілік жүктемені азайту бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың мақсаттары болып табылады.

5. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылау уәкілетті органда, уәкілетті органның ведомствосы мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелерінде бар деректерді:

1) осы Заңның 8-бабының 4-тармағына сәйкес ағымдағы және сұрау салынатын ақпаратты;

2) сұрау салу арқылы уәкілетті ұйымдар мен мемлекеттік органдардан алынған мәліметтерді;

3) әртүрлі ақпарат көздерінен алынған мәліметтерді өзара салыстыру арқылы жүргізіледі.

6. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша бұзушылықтар анықталған жағдайда, күзет қызметінің субъектісіне, мамандандырылған оқу орталығына, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектіге бұзушылықтар анықталған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде ұсыным жіберіледі.

7. Ұсыным күзет қызметінің субъектісіне, мамандандырылған оқу орталығына және күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектіге жеке өзіне қолын қойғызып немесе оны жөнелту және алу фактілерін растайтын өзге де тәсілмен табыс етілуге тиіс.

Төменде санамаланған тәсілдердің бірімен жіберілген ұсыным мынадай жағдайларда:

1) қолма-қол – ұсынымда алғаны туралы белгі қойылған күннен бастап;

2) поштамен – тапсырысты хатпен пошта жөнелтілімін алғаны туралы хабардар етілген күннен бастап;

3) электрондық тәсілмен – уәкілетті орган немесе оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері сұрау салған кезде күзет қызметі субъектісінің, мамандандырылған оқу орталығының, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектінің хатта көрсетілген электрондық мекенжайына уәкілетті орган немесе оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері жөнелткен күннен бастап табыс етілген болып саналады.

8. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсыным табыс етілген күнінен кейінгі күннен бастап он жұмыс күні ішінде орындалуға тиіс.

9. Күзет қызметінің субъектісі, мамандандырылған оқу орталығы, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъект ұсынымда көрсетілген бұзушылықтармен келіспеген

жағдайда, ұсынымды жіберген уәкілетті органға және оның аумақтық құрылымдық бөлімшесіне ұсыным табыс етілген күннен кейінгі күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қарсылық жіберуге құқылы.

10. Бақылау субъектісіне (объектісіне) бармай профилактикалық бақылаудың нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы ұсынымды белгіленген мерзімде орындамау бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау жүргізудің жартыжылдық тізіміне қосу арқылы бақылау субъектісіне (объектісіне) бару арқылы профилактикалық бақылау тағайындауға алып келеді.

11. Күзет қызметінің субъектілеріне, мамандандырылған оқу орталықтарына, күзет дабылы құралдарын монтаждау, баптау және оларға техникалық қызмет көрсету жөніндегі қызметпен айналысатын субъектілерге бармай профилактикалық бақылау жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

**Ескерту. 20-бап жаңа редакцияда - ҚР 24.05.2018 № 156-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**  
**21-бап. Күзет қызметінің субъектілерін, мамандандырылған оқу орталықтарын есепке алу**

Уәкілетті орган мен оның аумақтық құрылымдық бөлімшелері күзет қызметінің барлық субъектілерін, мамандандырылған оқу орталықтарын, сондай-ақ лицензиялардың қолданылуын тоқтата тұру немесе олардан айыру туралы деректерді бірыңғай есепке алуды жүзеге асырады.

**Ескерту. 21-бап жаңа редакцияда - ҚР 23.04.2014 N 200-V Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

**22-бап. Күзет қызметі саласындағы заңдылықтың сақталуын қадағалау**

Қазақстан Республикасының аумағында күзет қызметі саласындағы заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды заңда белгіленген шекте және нысандарда Қазақстан Республикасының прокуратурасы және оның аумақтық органдары жүзеге асырады.

**Ескерту. 22-бап жаңа редакцияда - ҚР 11.07.2017 № 91-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР 02.01.2021 № 405-VI (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңдарымен.**

**23-бап. Күзет қызметімен, мамандандырылған оқу орталықтарының қызметімен, сондай-ақ күзет дабылы құралдарын монтаждаумен, баптаумен және оларға техникалық қызмет көрсетумен айналысатын субъектілердің жауаптылығы**

Осы Заңда көзделмеген күзет ұйымдарын, мамандандырылған оқу орталықтарын, күзет дабылы құралдарын монтаждауды, баптауды және оларға техникалық қызмет көрсетуді жүзеге асыратын ұйымдарды құру немесе олардың қызметі, сондай-ақ осы қызмет түрлерін тиісті рұқсаттарды алмай немесе осы Заңда белгіленген тәртіпті бұза отырып жүзеге асыру Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауаптылыққа әкеп соғады.



Ескерту. 23-бап жаңа редакцияда - ҚР 22.12.2016 № 28-VI Заңымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

*Қазақстан Республикасының  
Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК